



2026 жылға арналған Бұланды ауданы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер бекіту туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № А-12/319 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылға арналған Бұланды ауданы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер бекітілсін.

2. "Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген бюджет шеңберінде қызметтерді уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бұланды ауданы әкімінің орынбасары К.Н. Исмағамбетоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Смайылов

Бұланды ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ А-12/319 қаулысымен
бекітілген

2026 жылға арналған Бұланды ауданы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер

№	Қызмет түрлері	Күніне бір қызмет алушыға арналған тариф, теңге
1	Үйде қызмет көрсету	2711,47

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК